

Сырым ауданы Сарой ауылдық округінің "Жаңақоныс" елді мекенінде карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 4 маусымдағы N 157 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 18 маусымда N 7-10-88 тіркелді. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 13 қыркүйектегі N 269 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 13.09.2010 N 269 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабының 2 тармағының 9 тармақшасына сәйкес және аумақтық бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының ұсынысы бойынша аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Сырым ауданы Сарой ауылдық округінің "Жаңақоныс" елді мекенінде ірі кара малдарын құтыру ауруы шығуына байланысты карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринарлық режимі **б е л г і л е н с і н .**

2. Карантиннің шарттары бойынша шараларды жүзеге асыру Сарой ауылдық округінің әкіміне және "Сырым аудандық ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне тапсыру ұсынылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа **е н г і з і л е д і .**

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Төреғалиевке жүктелсін.

Аудан әкімі

Е. Нысанғалиев

КЕЛІСІЛДІ:

**"Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Агроөнеркәсіптік кешендегі
мемлекеттік инспекция
комитетінің Сырым аудандық
аумақтық инспекциясы"**

мемлекеттік мекемесінің
бастығы _____ *Т. Қобдабаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК